

Азаматтық қызметші болыш табылатын және ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандарға жиырма бес пайызға жоғары айлықақы мен тарифтік ставкалар белгілеу туралы

### ***Күшін жойған***

Қостанай облысы Арқалық қаласы мәслихатының 2014 жылғы 19 ақпандағы № 154 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 17 наурызда № 4503 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Арқалық қаласы мәслихатының 2019 жылғы 11 наурыздағы № 239 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Арқалық қаласы мәслихатының 11.03.2019 № 239 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "АгроОнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18-бабының 4-тармағына сәйкес Арқалық қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын мамандардың ставкаларымен салыстырғанда қалалық бюджет қаражаты есебінен жиырма бес пайызға жоғары айлықақы мен тарифтік ставкалар белгіленсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2014 жылғы 1 қаңтарынан бастап туындаған қатынастарға таратылады.

Арқалық қалалық  
мәслихатының кезектен  
тыс сессиясының төрағасы

Арқалық қалалық  
мәслихатының хатшысы

Қ. Смағұлов

Н. Шалдыбаев

### **КЕЛІСІЛДІ:**

"Арқалық қаласы әкімдігінің  
экономика және бюджеттік  
жоспарлау бөлімі" мемлекеттік  
мекемесінің басшысы

\_\_\_\_\_ Н. Гайдаренко

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және  
құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК